

2012 жылы жасы он жетіге толатын еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы N 01 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 03 ақпанда N 5-16-121 тіркелді. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі N 05 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімінің 2012.04.27 N 05 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына сәйкес, **ШЕШЕМІН:**

1. «Тарбағатай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесінде тіркеуге алынатын жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында тіркеуге алу жүргізілсін және ұйымдастырсын.

2. Ауылдық округтердің әкімдеріне әскерге шақыру жасына дейінгілерді тіркеуге ұйымдастырылуын және уақытында келуін қамтамасыз етсін.

3. Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Тарбағатай ауданының № 1 медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (Д. Итбаев):

1) медициналық комиссия құрамын маман-дәрігерлермен, орта дәрігерлік мамандармен, қажетті жабдықтармен, құрал-саймандармен және дәрі-дәрмектермен жасақтау;

2) әскерге шақыру жасына дейінгілерді клиникалық тексеру және емдеу үшін ауданның медициналық мекемелерінде қажетті төсек-орын санының бөлінуін қамтамасыз ету;

3) тіркеуге алу аяқталғаннан кейін әскерге шақыру жасына дейінгілерді емдеу үшін маман-дәрігерлерді тағайындау;

4) әскерге шақыру жасына дейінгілерді емдеу және медициналық

қуәландыруды өткізетін емдеу мекемесінің базасын анықтау ұсынылсын.

4. «Тарбағатай ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (Ш. Айтқазин) тіркеу жұмысы кезеңінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету, тіркеуден бас тартқан азаматтарды іздестіру және шақыру учаскесіне жеткізуге көмек көрсету ұсынылсын.

5. «Тарбағатай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі (А. Қарабиев – келісім бойынша) және «Тарбағатай ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Е. Абсалямұмов) тіркеуге алу кезеңінде әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау және әскери оқу орындарына түсу үшін кандидаттарды іріктеуді жүргізісін.

6. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Әзімхановқа жүктелсін.

7. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Текешов

К Е Л І С І Л Д І :

«Тарбағатай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы
А. Қарабиев

16 қаңтар 2012 жыл

«Тарбағатай ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы
Ш. Айтқазин

16 қаңтар 2012 жыл

Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Тарбағатай ауданының № 1 медициналық бірлестігі» мемлекеттік қазыналық

кәсіпорнының директоры

Д. Итбаев

16 қаңтар 2012 жыл

